

Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігінің жанындағы "Қазақкино" мемлекеттік компаниясының мәселелері

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 24 қыркүйек N 1164. Күші жойылды - ҚРҰ-нің 1997.02.12. N 203 қаулысымен.

1996-1998 жылдарға арналған реформаларды тереңдету жөніндегі Қазақстан Республикасы Үкіметінің іс-қимыл бағдарламасына сәйкес және экономиканың бәсекелестік саласында монополиясыздандыру және жекешелендіру процестерін аяқтау мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті:

Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігінің жанындағы "Қазақкино" мемлекеттік компаниясының, қоса беріліп отырған тізбеге сәйкес, акционерлік қоғамдар акцияларының мемлекеттік пакетін иелену, пайдалану және басқару құқығын тоқтатсын;

Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігінің жанындағы "Қазақкино" мемлекеттік компаниясымен және Қазақстан Республикасының Баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитетімен бірлесіп бір ай мерзім ішінде, Үкіметке;

Қазақстан Республикасының Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитетіне, қолданылып жүрген заңдарға сәйкес, сатуға берілетін кинотеатрлар мен кино өндірісі және кинопрокат салаларының мемлекеттік объектілерінің тізбесін;

жекешелендіруге жатпайтын және мемлекеттік меншікте қалатын кинотеатрлар мен кино өндірісі және кинопрокат салаларының мемлекеттік объектілерінің тізбесін айқындап, Қазақстан Республикасының Үкіметіне бекітуге ұсынсын;

қоса беріліп отырған тізбеде көрсетілген акционерлік қоғамдардың акцияларының мемлекеттік пакетін Қазақстан Республикасының Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитетіне қолданылып жүрген заңдарға сәйкес сатуға берсін.

2. "Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігі жанындағы "Қазақкино" мемлекеттік компаниясы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 18 маусымдағы N 749 P960749_ қаулысына (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 1996 ж., N 28, 246-құжат) мынадай өзгертулер енгізілсін:

қаулының атауы мен мәтіндегі "кинокомпаниясының", "кинокомпаниясы", " мемкинокомпаниясы", "мемкинокомпаниясының" деген сөздер "компаниясының", "компаниясы", "мемкомпания", "мемкомпаниясының" деген сөздермен ауыстырылсын;

4-тармақтың үшінші абзацы алынып тасталсын;

аталған қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Мәдениет

министрлігі жанындағы "Қазақкино" мемлекеттік кинокомпаниясы туралы ереженің атауы мен мәтініндегі "кинокомпаниясының", "кинокомпаниясы", "кинокомпаниясын", "мемкинокомпаниясы", "мемкинокомпаниясының" "мемкинокомпаниясын" деген сөздер "компаниясының", "компаниясы", "компаниясын", "мемкомпания", "мемкомпаниясының" "компаниясын" деген сөздермен ауыстырылсын.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің 1996 жылғы

24 қыркүйектегі N 1164

қаулысына

Қосымша

Бұрын "Қазақкино" мемлекеттік компаниясының құрылымында болған және акцияларының мемлекеттік пакеттері Қазақстан Республикасының Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитетіне қолданылып жүрген заңдарға сәйкес сатуға берілетін акционерлік қоғамдардың

ТІЗБЕСІ

Атауы	і Акциялардың мемлекеттік і пакетінің мөлшері, %
"Кинодеталь" АҚ	62
"Кинокомплект" АҚ	70
"Казкиноавтопром" АҚ	40
"Казахинфильм" АҚ	40

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК